

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№4 (2024)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/ZQUS9819>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/XVSA7176>

***А. Ш. Каппасова¹, А. С. Адилова²**

^{1,2}Е. А. Бөкетов атындағы

Қарағанды университеті,

Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.

¹ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-1973-6731>

²ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-4094-4893>

*e-mail: ai_kerim.k@mail.ru

БАҚ-ТАҒЫ ИНТЕРТЕКСТУАЛДЫЛЫҚТЫҢ ТИПТЕРІ

Мақалада газет тіліндегі прецедентті құбылыс ретінде жұмсалатын ән мәтіндерінің қолданысы қарастырылады. Өзіне тән сипаты, жүйесі, құрылымы бар бұқаралық ақпарат құралдарының тілі ерекше. Сол ерекшелікті зерттей отырып, БАҚ мәтіндеріндегі прецедентті құбылыстарды талдау мақаламыздың басты мақсаты болып табылады. Осы мақсатқа жету үшін прецедентті мәтіндерге түсініктеме беру, қазіргі қазақ газеттеріндегі прецеденттік мәтіндердің қолданылу мақсатын, себебін анықтау, прецеденттік феномендердің ұлттық-мәдени сипатына тоқталу сияқты міндеттерді шешу көзделді. Олардың ерекшелігі, қолданысы талдау, жинақтау, салыстырмалы, сипаттамалық әдістері арқылы талданады. Мақаланың теориялық базасы ретінде В. Красных, Д. Б. Гудков, Г. В. Денисова, И. В. Захаренко, Адилова А. С., Нахимова Е. А., Мадиева Г. Б., Иманбердиева С. Қ. сынды ғалымдардың мәтін мәселесі, соның ішінде интертекстуалдылық теориясы, мәтінаралық байланыс, прецеденттілік феномендер жайлы жазған еңбектеріндегі теориялық тұжырымдары басшылыққа алынды. Мақалада ҚР шығатын «Жас Алаш», «Ана тілі» сияқты бұқаралық ақпарат құралдары мен интернет желілеріндегі материалдар пайдаланылды. Нәтижесінде медиамәтіндердегі прецедентті құбылыс болып табылатын қазақ ән мәтіндерінің қолданылу ерекшеліктеріне талдау жасалды, мәтін тақырыптарында цитация қағидаты арқылы көрінетін прецедентті мәтіндер қызметі зерттелді.

Кілтті сөздер: прецедентті феномен, прецедентті мәтін, БАҚ тілі, ән мәтіндері, интертекстуалдылық.

Кіріспе

Шетел тіл білімінде интертекстуалдылық мәселесі жан-жақты зерттелген. Мысалы, фольклорлық зерттеулер негізінде интертекстуалдылық тақырыбы ашылып, жаңа көзқарастар қалыптасты [1]. Сол сияқты бұл мәселені зерттеген кей ғалымдар интертекстуалдылық ұғымымен қатар гипертекстуалдылық терминін қолданды [3; 4]. Ал француз ғалымы Н. Пьеге-Гро «Introduction a l'Intertextualite» деген еңбегінде барлық ғалымдардың зерттеулеріне кеңінен шолу жасады [2].

Ал баспасөз бетіндегі мәтінаралық байланысқа негіз болатын прецедентті құбылыстардың теориясы ғалым Ю. Н. Карауловтан бастау алды. Одан әрі прецеденттілік ұғымын В. В. Красных, Д. Б. Гудков, И. В. Захаренко когнитивті лингвистиканың бір құбылысы ретінде [5; 6; 7; 8], кей ғалымдар психолингвистикалық талдаудың нысаны ретінде (Ю. Н. Караулов, Ю. А. Сорокин), ал ғалымдардың біршама тобы прецеденттілікті лингвомәдениеттанудың құндылығы деп қарастырады (Е. М. Верещагин, В. Г. Костоморов, Н. Д. Бурвикова, Ю. Е. Прохоров, З. К. Ахметжанова, Г. Б. Мадиева, Е. А. Журавлева, Н. А. Таирова).

Прецедентті феномендерді ғалымдар (А. Д. Васильев, Д. Б. Гудков, И. В. Захаренко, В. В. Красных, Д. В. Багаева) құрылымдық-семантикалық жағынан 4 топқа бөліп жіктейді. Олар:

– Прецедентті есімдер – мәтінде қолданылатын көпшілікке кеңінен танымал жалқы есімдер. Оларды белгілі бір оқиғаларға негізделген мәдени белгі, символ десек те болады. Орыс ғалымы В. Красных прецедентті есімдердің құрылымы дифференциалды сипатты құрайтын өзектен (ядро) және периферия қабатынан тұрады деп көрсетеді.

– Прецедентті жағдайлар – адамның санасында нақты бір жағдайдың, болған әрекеттің, оған қатысушылардың көрініс табуы. Лингвомәдени қоғамның когнитивтік базасына кіретін және сол әлеуметтік ортаға таныс нақты бірегей жағдайлар.

– Прецедентті айтылымдар – сөйлеу тілінің өнімі, белгілі бір лингвомәдени қоғамда өмір сүретін тұлғалардың барлығына таныс болатын, белгілі бір жағдайларда олардың тілдерінде қайталануы мүмкін бірлік. Прецедентті айтылымдарға цитаталар, мақал-мәтелдер жатады.

– Прецедентті мәтіндер – қоғамның кез келген «орташа» деген өкілдерінің барлығына белгілі, сол ортада маңызды орын алатын, қарым-қатынас барысында жаңарып отыратын негізгі толық мағынасы бар өнім [9, 26].

Материалдар мен әдістері

Зерттеу мақаласының әдіснамалық негізі орыс және қазақ лингвист ғалымдарының мәтін мәселесі, соның ішінде интертекстуалдылық теориясы,

мәтінаралық байланыс, прецеденттілік феномендер жайлы жазған еңбектері болды. Негізгі әдіс ретінде талдау, жинақтау, сипаттамалы салыстыру әдістерінің ұстанымдары басшылыққа алынды. Прецедентті феномендер арқылы ұлттық-мәдени ерекшеліктерді көрсету үшін, бұл құбылыстардың семантикалық мазмұнын ашу үшін сипаттамалық әдіс қолданылды. Мақалада ҚР шығатын «Жас Алаш», «Ана тілі» сияқты бұқаралық ақпарат құралдары мен интернет желілеріндегі материалдар пайдаланылды.

Нәтижелер және талқылау

Бұқаралық ақпарат құралдарынан прецедентті мәтіндерді іздеу барысында әннің мазмұнына негізделген интертекстердің біршама ұшырасатынын байқадық. Әртүрлі тарихи кезеңдерде пайда болған ән мәтіндері де прецедентті құбылыстың белгілі бір қабатын құрай алады. Көркем әдебиетте, әсіресе поэзия жанрында көп кездесетін бұл құбылыс баспасөз беттерінде сирек байқалады. Мысал ретінде «Жас Алаш» газетінен Б.Жасұланның «**Жайымды айтсам жасырмай, жағдайым менің осындай...**» (17.08.2022) [10] атты мақаласын келтіруге болады. Қазіргі кездегі еңбек нарығындағы қиын жағдайды, жалақының төмен пайызын, елді қысқан қымбатшылықты ашына айтқан журналистің мақаласының соңы «*Жайымды айтсам жасырмай, Жағдайым менің осындай*», – деген МузАРТ тобының халыққа танымал бір әні бар еді. Шын мәнінде Қазақстанның нарықтағы қазіргі жағдайы осындай болып тұр...» [10] деп аяқталады. Шынымен де И.Сапарбайдың «Бір тамшы көздің жасындай» әнінің сөздері біздің мүшкіл жайымызды дәл беріп тұрғандай.

Келесі бір мысал – Ж.Байғаниннің «**Атыңнан айналайын, Алматы!...**» (03.02.2022) [11] мақаласы. Мұнда қаланың Алматы деген атауын Алма-ата деп өзгертуді қалайтын белсенділердің шала ісі жайлы жазылады. Тақырыпқа мән берсек, жалпы бұл тіркестің шығу төркіні Мәди Бәпиұлының

«Атыңнан айналайын Қарқаралы,

Сенен бұлт, менен қайғы тарқамады.

Сайыңнан сайғақ құрлы сая таппай, Мен бір жан қуғын көрген Арқадағы» [12]

деген әнінен бастау алады. Одан соң Жаңаарқа ауданының гимні іспеттес Төкен Әлжантегінің «Жаңаарқа вальсі» әнінде де «*Атыңнан айналдым, Жаңаарқа*» деген сөздер бар.

<https://aikyn.kz> сайтында М. Жанысбай жазған «**Атыңнан айналайын, Қарқаралы**» (14.07.2022) [13] деген мақала шықты. Бұл мақалада үш рәміздің бірі Елтаңбаның авторы, профессор, сәулетші, «Барыс» орденінің иегері Жандарбек Мәлібековтің қасиетті Қарқаралыға келген сапары жайлы сөз болады. Қарқаралының әсем табиғатын, ескерткіштерін, Құнанбай салған мешіт т.б. мәдени орындарын көрсетіп, солар туралы әңгімеленген бұл

мәтіннің тақырыбын автор «Атыңнан айналайын, Қарқаралы» деп қоюды жөн көрген.

Сол сияқты «Егемен Қазақстан» газетінің «Әдебиет» бөліміне филология ғылымдарының докторы С.Абдрахмановтың **«Атыңнан айналайын, Алтай»** (28.09.2017) [14] деген атаумен тарихи мақаласы шықты. Ғалым көпшілікке таныс емес орыс жазушысы Георгий Гребеншиков өмірін, оның шығармашылығын тарқата айтып берген мақаланың соңын жазушының өз сөзімен аяқтайды: «... Алтай менің Отаным болғандықтан емес, бүкіл адамзаттың шыққан жері, әлемнің бесігі, жер-жаһанның қоңырауы болғандықтан, атының өзі қоңырау үніндей қуатты хәм ізгілікті болғандықтан – *атыңнан айналайын Алтай!*» [15]. Тақырыпты да осы цитатадан алып қойған. «Атыңнан айналайын, Әулие ата» атты мақалада да автор тарихи Тараз жерін, ондағы әулиелерді тізіп берген. Автор екі мың жылдық тарихы бар, Фирдауси, Рудаки сынды шығыс шайырлары жырлаған қасиетті қаланының тарихын жазған мәтін тақырыбын Жамбылдың **«Атыңнан айналайын, Әулие ата, атыңды мен алды деп болма қапа»** деген жырымен берген. Оны сөз соңын «Заман зымырап өте береді. Дәуірдің доңғалағы діірмен тасындай айнала түседі. Ал Әулие атаның, Қарахан баба мен Айша бибінің, Дадбек пен Тектұрмас әулиенің ескерткіштері алыстан мұнартып, Баласағұни мен Иүгінекидің шығармалары күн өткен сайын жаңара береді. Жүз жасаған Жамбыл бабамыздың «Атыңнан айналайын, Әулие ата» деп жырға қосып, тағым еткені содан болар, сірә...» [15] деп аяқтаған сөйлемдерден байқай аламыз. Мақала мәтінін оқымаған оқырман тақырыбын көре сала, Мәдидің әнінің трансформацияға ұшыраған нұсқасы деп ойлауы мүмкін еді. Себебі, Жамбылдың өлеңінен гөрі халық әні іспеттес «Атыңнан айналайын, Қарқаралы» әуені көпшілікке кеңінен танымал. Яғни «прецеденттілік феномендері коммуникацияға түсушілердің бәріне бірдей деңгейде таныс болмауы мүмкін, бірақ белгілі бір лнгвомәдени кеңістікте үнемі қолданылуына байланысты сол қоғам мүшелерінде олар туралы үстірт те болса түсінік болатыны сөзсіз» [16, 147].

Тағы бір ән мазмұнына құрылған мақала – **«Ресейден шұбырып көш келеді»** (Ә.Кемеңгер, 07.07.2022) [17]. Қазақстанға жаппай көшіп келіп жатқан Ресей азаматтары баяғы «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» оқиғасын еске салатындай. Журналист те осыны жұмбақтап халық әні «Елім-ай!» әнінің:

Қаратаудың басынан көш келеді,
Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді.

Ел-жұртынан айрылған жаман екен, Екі көзден мөлтілдеп жас келеді [18] деген сөздерімен берген.

Орыс зерттеушісі Г. В.Денисова прецедентті мәтіндерді «күшті әдеби», «әлсіз әдеби», «күшті әдеби емес» деп жіктеп, ақын-жазушылар шығармаларын «күшті әдеби» мәтінге, өз кезеңіне ғана танымал шығармаларды «әлсіз әдеби» мәтінге, халық арасында танылған әндерді соңғы топқа жатқызған болатын [19]. Сол «күшті әдеби емес» түріне жататын ән мәтіндері де газет тақырыпаттары ретінде кездесіп отырады.

Қорытынды

Қазіргі публицистикада автор оқырманның қызығушылығын арттырып, назарын аударту үшін прецедентті құбылыстарды кеңінен пайдаланады. Әсіресе мәтін тақырыбын қоюда ұтымды қолданады. Себебі прецедентті мәтін табиғатының ықшамды болып келетін, хабарды үнемді жеткізетін ерекше қасиеті бар. Прецедентті құбылыстар көркем шығармада, газет мәтіндерінде цитата, реминисценция, эпитет, аллюзия сияқты интертекстуалды құралдар арқылы көрініс тауып отырады. Біз қарастырып отырған прецедентті мәтіндер баспасөз беттерінде көбінесе тақырып құрамында кездеседі. Бұқаралық ақпарат құралдарында кездесетін ән мазмұнына құрылған прецедентті мәтіндерді талдай отырып, олардың ұлттық мәдени құндылықтарды жеткізетін әрі қалыптастыратын құбылыс екеніне тағы көз жеткізуге болады.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Bauman, Richard.** A World of Others' Words: Cross-Cultural Perspectives on Intertextuality [Text]. – Oxford : Blackwell Publishing., 2004. – 184 p.

2 **Piégay-Gros N.** Introduction à l'intertextualité [Text]. – Paris : Dunod, 1996. – 196 p.

3 **Genette, Gerard** Paratexts : Thresholds of Interpretation. Cambridge [Text]. – University Press, 1997. – 427 p.

4 **Riffaterre, Michael.** Intertextuality vs. hypertextuality [Text]. – New Literary History, 1994. 25(4): 779-788

5 **Красных, В. В.** «Свой» среди «чужих»: миф или реальность? / В. В. Красных. – М. : Гнозис, 2003. – 375 с.

6 **Гудков, Д. Б.** Структура и функционирование двусторонних имен (к вопросу о взаимодействии языка и культуры) // Вестник МГУ. Сер. 9. Филология. 1994. – № 6.

7 **Захаренко, И. В.** Прецедентные высказывания и их функционирование в тексте // Лингвокогнитивные проблемы межкультурной коммуникации. М., 1997. – С. 92–99.

8 **Захаренко, И. В., Красных, В. В.** Лингво-когнитивные аспекты функционирования прецедентных высказываний // Лингвокогнитивные проблемы межкультурной коммуникации. М., 1997. – С. 100–115.

9 **Васильев, А. Д.** Интертекстуальность: прецедентные феномены. – М. : ФЛИНТА, 2013. – 342 с.

10 **Жасұлан, Б.** «Жайымды айтсам жасырмай, жағдайым менің осындай...» [Электронды ресурс]. – қол жеткізу режимі : <https://zhasalash.kz/saraptama/zhajymdy-ajtsam-zhasymaj-zhagdajym-menin-osyndaj...-21322.html>.

11 **Байғанин, Ж.** «Атыңнан айналайын, Алматы!..» [Электронды ресурс] – қол жеткізу режимі : <https://zhasalash.kz/kogam/atynnan-ajnalajyn-almaty!..-19489.html>.

12 **Бәпиұлы, М.** «Атыңнан айналайын, Қарқаралы!..» [Электронды ресурс]. – қол жеткізу режимі: <https://bilim-all.kz/olen/10385-Qarqaraly>.

13 **Жанысбай, М.** «Атыңнан айналайын, Қарқаралы» [Электронды ресурс]. – қол жеткізу режимі: <https://aikyn.kz/205742/atynnan-aynalayyn-karkaraly/>.

14 **Абдрахманов, С.** «Атыңнан айналайын, Алтай» [Электронды ресурс]. – қол жеткізу режимі: <https://egemen.kz/article/158915-atynnan-aynalayyn-altay>.

15 **Қыдырәлі, Д.** «Атыңнан айналайын, Әулие ата» [Электронды ресурс]. – қол жеткізу режимі : <https://egemen.kz/article/213386-atynnan-aynalayyn-aulie-ata>

16 **Адилова, А. С.** Көркем мәтіндердегі цитация құбылысы. Монография. – Алматы : Эверо баспасы, 2015. – 252 б.

17 **Кеменгер, Ә.** «Ресейден шұбырып көш келеді» [Электронды ресурс]. – қол жеткізу режимі: <https://zhasalash.kz/economic/resejden-shubyryp-kosh-keledi...-20958.html>.

18 **Қазақ ауыз әдебиеті, «Елім-ай»** [Электронды ресурс]. / Қазақ ауыз әдебиеті. – қол жеткізу режимі : <https://bilim-all.kz/olen/8127>.

19 **Денисова, Г. В.** В мире интертекста: язык, память, перевод. – М. : Азбуковник, 2003. – 298.

References

1 **Bauman, Richard.** A World of Others' Words: Cross-Cultural Perspectives on Intertextuality [Text]. – Oxford: Blackwell Publishing., 2004. – 184 p.

2 **Piégay-Gros, N.** Introduction à l'intertextualité [Text]. – Paris : Dunod, 1996. – 196 p.

3 **Genette, Gerard** Paratexts: Thresholds of Interpretation. Cambridge [Text]. – University Press, 1997. – 427 p.

4 **Riffaterre, Michael.** Intertextuality vs. hypertextuality [Text]. – New Literary History, 1994. 25(4): 779–788

5 **Krasnykh, V. V.** «Svoi» sredi «chuzhikh»: mif ili realnost? [«Ours» among «strangers»: myth or reality] [Text]. – М.: Gnozis, 2003. – 375 p.

6 **Gudkov, D. B.** Struktura i funkcionirovanie dvustoronnix imen (k voprosu o vzaimodejstvii yazyka i kul'tury) [Structure and functioning of bilateral names (on the question of interaction of language and culture)]. Sir. 9. Philology. 1994. № 6.

7 **Zakharenko, I. V.** Precedentny'e vy'skazyvaniya i ix funkcionirovanie v tekste [Precedent statements and their functioning in the text] [Text]. – М. 1997. – Pp. 92–99.

8 **Zakharenko, I. V., Krasnykh, V. V.** Lingvo-kognitivny'e aspekty funkcionirovaniya precedentny'x vy'skazyvanij // Lingvokognitivny'e problemy mezhkul'turnoj kommunikacii [Linguo-cognitive aspects of the functioning of precedent statements] [Text]. – М., 1997. P. 100-115.

9 **Vasilev, A. D.** Intertekstualnost: pretsedentnye fenomeny [Intertextuality: Precedent Phenomena] [Text]. – М.: FLINTA [in Russian].

10 **Zhasulan, B.** «Zhajymdy aitsam zhasyrmai, zhagdajym menin osyndai...» [I'm not going to hide, i'm in a situation like this...] [Text]. [Electronic resource]: <https://zhasalash.kz/saraptama/zhajymdy-ajtsam-zhasyrmaj-zhagdajym-menin-osyndaj...-21322.html>.

11 **Baiganin, Zh.** «Atynnan ainalaiyn, Almaty!...» [I'm sure you're on your own, Almaty] [Text]. Electronic resource: <https://zhasalash.kz/kogam/atynnan-ajnalajyn-almaty!...-19489.html>.

12 **Bapiuly, M.** «Atynnan ainalaiyn, Qarqaraly!...» [By the name of Karkaraly] [Text]. Electronic resource: <https://bilim-all.kz/olen/10385-Qarqaraly>.

13 **Zhanysbai, M.** «Atynnan ainalaiyn, Qarqaraly» [By the name of Karkaraly] [Text]. [Electronic resource]. – <https://aikyn.kz/205742/atynnan-aynalayyn-karkaraly/>.

14 **Abdrakhmanov, S.** «Atynnan ainalaiyn, Altai» [By the name of Altai] [Text]. [Electronic resource]. – <https://egemen.kz/article/158915-atynnhnan-aynalayyn-altay>.

15 **Kydyrali, D.** «Atynnan ainalaiyn, Aulie ata» [I'll see your name, Aulie ata] [Text]. [Electronic resource]. – <https://egemen.kz/article/213386-atynnhnan-aynalayyn-aulie-ata>

16 **Adilova, A. S.** Korkem matinderdegi citaciya kubylysy [The phenomenon of citation in literary texts: monograph] [Text]. – Almaty: Evero, 2015. – 215 p.

17 **Kemenger, A.** «Reseyden shubyryp kosh keledi» [Russia to lead by stowaway] [Text]. [Electronic resource]. – <https://zhasalash.kz/economic/reseyden-shubyryp-kosh-keledi...-20958.html>.

18 Qazaq auyz adebieti, «Elim-ai» [Kazakh literature] [Text]. [Elektrondy resurs]/ Qazaq auyz adebieti. – qol zhetkizu rezhimi: <https://bilim-all.kz/olen/8127>.

19 Denisova, G. V. V mire interteksta : jazyq, pamjat', perevod. [In the world of intertext : language, memory, translation] [Text]. M. : Azbukovnik, 2003. – 298 p.

31.07.24 ж. баспаға түсті.

09.08.24 ж. түзетулерімен түсті.

25.11.24 ж. басып шығаруға қабылданды.

*А. Ш. Каппасова¹, А. С. Адилова²

^{1,2}Карагандинский

университет имени Е. А. Букетова,
Республика Казахстан, г. Караганда.

Поступило в редакцию 31.07.24.

Поступило с исправлениями 09.08.24

Принято в печать 25.11.24.

ТИПЫ ИНТЕРТЕКСТУАЛЬНОСТИ В СМИ

В статье рассматривается использование песенных текстов как прецедентное явление в газетном языке. Язык средств массовой информации, обладающий своим характером, системой и структурой, уникален и заслуживает особого внимания. Основная цель нашей статьи – проанализировать прецедентные явления в медиатекстах путем изучения этой особенности. Для достижения этой цели предполагается решение таких задач, как комментирование прецедентных текстов, определение цели и причины использования прецедентных текстов в современных казахстанских газетах, акцентирование внимания на национально-культурной природе прецедентных явлений. Их специфичность и использование анализируются с помощью сравнительных, описательных методов. Теоретическую основу статьи составляют работы таких ученых, как В. Красных, Д. Б. Гудков, Г. В. Денисова, И. В. Захаренко, А. Д. Васильев, А. С. Адилова, Г. Б. Нахимова Е. А., Мадиева и С. К. Иманбердиев, которые исследуют вопросы интертекстуальности и прецедентности. В результате в статье исследуется деятельность прецедентных текстов, проявляющихся в материалах отечественных газет, темах через принцип цитирования. В статье проанализированы материалы из средств массовой информации и интернет-ресурсов,

публикуемье в Республике Казахстан, такие как «Жас Алаш» и «Ана тілі». Проведен анализ особенностей использования казахских песенных текстов, выступающих прецедентными явлениями в медиатекстах, а также исследована роль прецедентных текстов, проявляющихся в заголовках по принципу цитирования.

Ключевые слова: прецедентный феномен, прецедентный текст, медиаязык, тексты песен, интертекстуальность.

*A. S. Kappasova¹, A. S. Adilova²

^{1,2}Buketov Karaghandy University,
Republic of Kazakhstan, Karaghandy.

Received 31.07.24.

Received in revised form 09.08.24.

Accepted for publication 25.11.24.

TYPES OF INTERTEXTUALITY IN THE MEDIA

The article discusses the use of song lyrics as a precedent phenomenon in the newspaper language. The language of mass media, which has its own character, system and structure, is unique and deserves special attention. The main purpose of our article is to analyze precedent phenomena in media texts by studying this feature. To achieve this goal, it is supposed to solve such tasks as commenting on precedent texts, determining the purpose and reasons for the use of precedent texts in modern Kazakhstani newspapers, focusing on the national and cultural nature of precedent phenomena. Their specificity and use are analyzed using comparative, descriptive methods. The theoretical basis of the article is the work of such scientists as V. Krasnykh, D. B. Gudkov, G. V. Denisova, I. V. Zakharenko, A. D. Vasiliev, A. S. Adilov, G. B. Nakhimova E. A., Madiiev and S. K. Imanberdiev, who explore the issues of intertextuality and precedent. As a result, the article examines the activity of precedent texts, manifested in the materials of domestic newspapers, topics through the principle of citation. The article analyzes materials from mass media and Internet resources published in the Republic of Kazakhstan, such as «Zhas Alash» and «Ана тілі». The analysis of the peculiarities of the use of Kazakh song texts, which act as precedent phenomena in media texts, is carried out, and the role of precedent texts, manifested in headings according to the principle of citation, is also investigated.

Keywords: precedent phenomenon, precedent text, media language, song lyrics, intertextuality.

Теруге 25.11.2024 ж. жіберілді. Басуға 25.12.2024 ж. қол қойылды.
Электронды баспа
4,57 МБ RAM
Шартты баспа табағы 30,79. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.
Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова
Корректор: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас
Тапсырыс № 4311

Сдано в набор 25.11.2024 г. Подписано в печать 25.12.2024 г.
Электронное издание
4,57 МБ RAM
Усл. печ. л. 30,79. Тираж 300 экз. Цена договорная.
Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова
Корректор: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас
Заказ № 4311

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған
Торайғыров университеті
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы
Торайғыров университеті
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.
67-36-69
e-mail: kereku@tou.edu.kz
www.vestnik.tou.edu.kz